

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**  
**№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.10.2022 ж.

**Қатысқандар:**

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Г.Қошанова
2. Хатшы – Ғ.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

- 1 Қошанова Гулназира – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

- 2 Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
- 3 Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
- 4 Садыбеков Р. – магистр оқытушы
- 5 Искендірова Гүлзипа - оқытушы
- 6 Баялы Әзімхан - аға оқытушы
- 7 Шукенова Ғалия –аға оқытушы
- 8 Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
- 9 Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
- 10 Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
- 11 Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
- 12 Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
- 13 Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
- 14 Нұржан Бибісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
- 15 Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
- 16 Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -****КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Білім беруде ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру.
2. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.
3. ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.
4. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру .
5. Қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

**1. Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Г.Қошанова сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беруде ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгені тексерілді. Жалпы оқу материалдары лекция, лабораториялық және практикалық сабақтар, аралық бақылау, тест, БӨЖ тапсырмаларынан тұрады. Оқытушы барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалауы, және курс мерзімдеріне тиісті бағалауы міндетті. Оқытушы қажетті жағдайларда курсқа өзгерістер енгізуі мүмкін. Аралық бақылау 7-ші және 15-ші апталарда тапсырылады. Жалпы факультетте 6B01511-Информатика, 6B01573-Информатика, АКТ және роботехника, 6B06151 –Ақпараттық жүйелер, 6B06152-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6B07154-Автоматтандыру және басқару, 6B07153-Электр энергетикасы білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланып, күндізгі қысқартылған оқу түрінде білім алушылардың күзгі семестрдегі пәндері анықталды.

**Шешім:** Білім беруде ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапасын тексеру нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

**2. Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы** Г.Қошанова күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: факультетте 2021-2022 оқу жылында жалпы 110/48 түлек бітірді. Жеке білім беру бағдарламалары бойынша тарқатып айтсақ, 5B011100, 6B01573-Информатика білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-21 түлек, жұмысқа орналасқандар саны-6, оқуын жалғастырғандар-5. Жалпы 52,38 %-ды құрайды.

5B060200-Информатика білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-5/5 түлек, жұмысқа орналасқандар саны-2, оқуын жалғастырғандар жоқ, шетел азаматы-1. Жалпы 50 %-ды құрайды.

5B070200-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-19/8 түлек, жұмысқа орналасқандар саны-7, оқуын жалғастырғандар-1, шетел азаматы-1. Жалпы 44,44 %-ды құрайды.

5B070300, 6B06151-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-21/10 грант түлек, жұмысқа орналасқандар саны-7, оқуын жалғастырғандар-2, шетел азаматы-3. Жалпы 50 %-ды құрайды.

5B070400, 6B06152-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-16/9 грант түлек, жұмысқа орналасқандар саны-6, оқуын жалғастырғандар-жоқ, шетел азаматы-4. Жалпы 58,33 %-ды құрайды.

5B071800-Электр энергетикасы бағдарламалары білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер саны-28/16 грант түлек, жұмысқа орналасқандар саны-13, оқуын жалғастырғандар-1, шетел азаматы-4. Жалпы 66,7 %-ды құрайды.

Жалпы факультет бойынша бітірген түлектер саны-110/48 грант түлек, жұмысқа орналасқандар саны-41, оқуын жалғастырғандар-9, шетел азаматы-13. Жалпы 54,63 %-ды құрайды. Факультет бойынша жұмысқа орналасу деңгейі жақсы. Түлектердің жұмысқа орналасуы 2022 жылдың қазан айына дейінгі мәлімет берілген.

**Шешім:** ББ түлектерінің жұмысқа орналасуын дәлелдейтін анықтамаларды жинақтау қолға алынсын.

**3. Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Г.Қошанова сөз алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 бұйрығына сәйкес ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады (1 қосымша).

**Шешім:** ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау қанағаттанарлық деп танылсын.

**4. Тындалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Г.Қошанова сөз алды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) ұйымдастырған институционалды аккредитациялау процедурасынан табысты өтіп, 2018 жылдың 31 мамырында Астана қаласында өткен агенттіктің Аккредиттеу Кеңесінде оқу орнын 5 жыл мерзімге аккредиттеу туралы шешім қабылданды. 2018 жылдың 10-12 мамыр аралығында университетте «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА) сыртқы сараптау комиссиясы жұмыс жүргізді. Сарапшылар оқу процесінің сапасын, кадрлық құрамын, ЖББҰ-ның материалдық-техникалық жағдайын, инновацияны, заманауи технологиялар мен оқыту әдістерін қолдану тәжірибесін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін бағалады. Факультет басшылығымен профессорлық-оқытушылық құрамымен, студенттермен, магистранттармен, докторанттармен, ЖББҰ түлектерімен және жұмыс беруші компаниялармен кездесулер өткізілді. 2018 жылғы 31 мамырда

Астанада (АРТА) аккредиттеу Кеңесінің отырысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне сертификат беру туралы шешім қабылданды. 2023 жылдың 30 маусымына дейін 5 жыл мерзімге № АБ 01374087 куәлігі берілді. АРТА аккредиттеу Кеңесінің мүшелері және сыртқы сараптау сарапшылары ЖББҰ-ның жұмыстарын оң бағалады. Бағдарламалық аккредиттеу бойынша факультетте сертификатталған - 19 ББ, жаңа ББ – 4.

2020-201 оқу жылында реестрден шығаруға ұсынылған – 6 ББ (1-ші хаттамада көрсетілген).

Кестеде көрсетілген факультетіміздің 18 білім беру бағдарламасы «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» мекемесінің тарапынан аккредиттеуден сәтті өтті. КЕМ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» бойынша мамандықтардың Білім беру бағдарламалары 5 жыл мерзімге мамандырылған аккредиттеуден 14.06.2019-14.06.2024 ж. өткендігін жөнінде сертификат берілді.

**Шешім:** Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру қанағаттанарлық деп таңылсын.

**Мәжіліс төрайымы:**



**Г.Қошанова**

**Мәжіліс хатшысы:**



**Ғ. Шукенова**